

## ГЛОССАРИЙ

Төменде жобаны басқару саласында кең таралған терминдер мен түсініктердің үш тілдегі нұсқасы және қазақ тіліндегі анықтамасы берілген. Бұл әрі қарай өз бетіңізше ізденіп, үйрену үшін жасалған. Тізім мерзім сайын жаңартылып тұрады.

### А

Acquire Resources	Приобретение ресурсов	Ресурстарды сатып алу (алдыру)
Жобаға қажетті персоналды жұмысқа тарту және керекті материалдар, жабдықтар мен құрал-саймандарды сатып алуды қамтитын процесс.		

Activity Duration Estimates	Оценки длительности операций	Әрекеттер ұзақтығының болжамы
Белгілі бір әрекеттерді (операцияларды) аяқтау үшін қажетті уақыттың сандық болжамы (бағалаулары).		

Activity List	Список операций	Әрекеттер тізімі
Бұл белгіленген барлық жұмыс пакеттерін іске асыру үшін қажетті әрекеттер (операциялар) тізімін құрайтын құжат. Қажет болса, әрбір әрекеттің атауы, номері, орындалу мерзімі, жауапты адамы, қажетті ресурстары және т.б. секілді өзіндік идентификаторларын қолдануға болады. Бұл өз кезегінде жобаның кестесін құруға, барлық операцияларды қадағалауға және қажет ететін ресурстарды жоспарлауға үлкен септігін тигізеді.		

Adaptive Life Cycle	Адаптивный жизненный цикл	Бейімделгіш (адаптивті) өмірлік циклі
Жобаны басқаруда қолданылатын әзірлеу өмірлік циклінің түрі. Көбінесе мазмұны бастапқы кезде түсініксіздеу жобаларда қолданылады. Сәйкесінше, мерзімі мен бюджеті де толыққанды жоспарланбайды. Оған <b>Agile (икемді), Scrum, итеративті және инкрементті</b> секілді әдістерді (подходтарды) жатқызуға болады.		

Analogous Estimating	Оценка по аналогам	Аналогия бойынша бағалау
Ұқсас әрекеттен немесе жобадан тарихи деректерді пайдалана отырып, әрекеттің немесе жобаның ұзақтығын немесе құнын бағалау әдісі.		

Artifact	Артефакт	Артефакт
Жобаны басқару саласында бір сөзбен «Артефакт» деп кез келген құжат, жоспар, есеп, диаграмма және т.с.с. ақпарат көздерін айтады. Кез келген процеске кірісер алдында осы секілді артефакттарға, яғни ақпарат көздеріне сүйенген абзал.		

### В

Benchmarking	Бенчмаркинг	Бенчмаркинг
<b>(ағыл. Benchmarking – салыстырмалы анализ немесе эталондық салыстыру деп аударуға болады)</b> – бұл ең ірі бәсекелестердің не өз саласында көшбасшы деп танылған компаниялардың тауарларын, қызметтерін және тәжірибесін салыстырмалы түрде талдау және зерттеу әдісі.		

Business Documents	Бизнес докумен­ты	Бизнес құжаттар
Ұйымның қажеттіліктерін және сол қажеттіліктерді кез келген жоба қалай қанағаттандыратынын және мүдделі тараптарға қандай пайда әкелетінін сипаттайтын құжаттар түрі. Осы құжаттарда ұйымның сұранысы, нарық талабы, тұтынушының қажеттілігі сияқты жобаны қолға алудың себептері мен жобаға жасалған инвестицияның өтелу мерзімі, пайда-шығын қатынасы, экономикалық құндылығы, және т.б. секілді қаржылық көрсеткіштері баяндалуы мүмкін.		

Brainstorming	Мозговой штурм	Миға шабуыл
Бұл қысқа уақытта идеяларды жинақтау үшін қолданылатын әдіс. Ол ұжымдық ортада және модератордың жетекшілігімен жүзеге асырылады. Миға шабуыл екі бөлімнен тұрады: идеяларды жинақтау және оларды талдау. Бұл әдісті мүдделі тараптардан, сарапшылардан және команда мүшелерінен деректерді, шешімдерді немесе идеяларды ойталқыдан өткізіп, жинақтау үшін пайдалануға болады.		

## С

Change Request	Запрос на изменение	Өзгертулерге сұратым
Құжатқа, нәтижеге немесе жоспарға өзгертулер енгізу туралы ресми ұсыныс.		

Close Project or Phase	Закрытие проекта или фазы	Жобаны немесе фазаны аяқтау
Жоба, кезең немесе келісімшарт бойынша барлық әрекеттерді аяқтау процесі.		

Closing Process Group	Группа процессов закрытия	Аяқтау процестерінің тобы
Бұл жобаны, фазаны немесе келісімшартты ресми түрде аяқтау үшін орындалатын процестер.		

Collect Requirements	Сбор требований	Талаптарды жинау
Клиенттің немесе мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен талаптарын анықтау, соларды қанағаттандыруға не керек екенін ұғыну және осылардың барлығын құжаттау процесі.		

Conflict Management	Управление конфликтами	Жанжалдарды басқару
Жобаға қатысты әртүрлі көзқарастары мен талаптары бар жоба қатысушыларының арасындағы жанжалдарды болдырмау және ортақ түсіністікке келу үшін қажетті дағды.		

Conduct Procurements	Проведение закупок	Сатып алуды жүргізу
Сатушылардан жауап алу, сатушыны таңдау және шарт жасасу процесі. Жоспарланған сатып алу шаралары осы процесс барысында жүзеге асады. Осы процесс аясында тиісті құжаттар жинақталып, тендер немесе конкурс жарияланып, барлық қажетті ресурстар жобаға сатып алынады.		

Control Costs	Контроль стоимости	Бюджетті бақылау
Бұл жобадағы барлық шығындар мен ақша ағынын қадағалау процесі.		

Control Procurements	Контроль закупок	Сатып алуды бақылау
----------------------	------------------	---------------------

Бұл жеткізушілермен (мердігерлермен) қарым-қатынасты қадағалау, келісім-шарттардың орындалуын бақылау, қажет болған жағдайда өзгертулер мен түзетулер енгізу және келісім-шарттарды жабу (аяқтау) процесі.

Control Quality	Контроль качества	Сапаны бақылау
Шыққан нәтижелерді сапа стандарты және жоспарымен салыстыра отырып қаншалықты сәйкес келетінін анықтау процесі. Сапа бақылауынан сәтті өткен нәтижелер әрі қарай мүдделі тараптар мен клиент жағынан бекітуге жіберіледі. Кері жағдайда, тиісті коррективті шаралар қолданылады.		

Control Resources	Контроль ресурсов	Ресурстарды бақылау
Белгіленген барлық материалды ресурстардың жоспарға сай тоқтаусыз жеткізілуі мен қамтамасыз етілуін қадағалау, сонымен қатар, жоспардан белгілі бір ауытқулар болған жағдайда, тиісті коррективті шаралар қолдану процесі.		

Control Schedule	Контроль расписания	Кестені бақылау
Пайда болған өзгерістердің негізінде кестеге тиісті жаңартулар жасау мақсатында жобаның статусын қадағалау процесі. Нақты орындалған жұмыстар мен уақыт көрсеткіштерін кесте жоспарымен салыстыру арқылы олардың жоспарға қаншалықты сәйкес орындалып жатқанын қадағалау қажет. Егер өзгерістер жасауға тура келсе, онда олардың толықтай жобаға қалай әсер ететінін саралап алу керек.		

Control Scope	Контроль содержания	Мазмұнды бақылау
Жоба және өнімнің мазмұнын қадағалау және мазмұнды басқару жоспарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, оларға енгізілетін қажетті өзгерістерті қадағалау және қажет еместерін шектеу процесі.		

Create WBS	Создание ИСР (СДР)	WBS құру
WBS – Work Breakdown Structure деген түсініктің аббревиатурасы. Ағылшын тілінен «Жұмыстарды ыдырату құрылымы» деп аударуға болады. WBS құру – жобаның соңғы нәтижесі мен жұмыстарын, басқаруға ыңғайлы ұсақ бөліктерге бөлшектеу процесі. Бұны басқаша декомпозиция деп те атайды.		

Critical Path Method	Метод критического пути	Критикалық жол әдісі
Жобаның ең минималды ұзақтығын бағалау және кесте икемділігінің дәрежесін анықтау үшін қолданылатын әдіс.		

## D

Data Analysis Techniques	Методы анализа данных	Деректерді талдау әдістері
Деректер мен ақпаратты ұйымдастыру, анықтау және бағалау үшін қолданылатын әдістер.		

Data Gathering Techniques	Методы сбора данных	Деректер жинау әдістері
Әртүрлі көздерден деректер мен ақпаратты жинау үшін қолданылатын әдістер. Оның Миға шабуыл (Brainstorming), Фокус-топтар, Сұхбат (Интервью), Анкета жүргізу және т.б. түрлері бар.		

Define Activities	Определение операций	Әрекеттерді анықтау
-------------------	----------------------	---------------------

Жоба нәтижелеріне қол жеткізу үшін орындалуы қажет нақты әрекеттерді анықтау және құжаттау процесі.

Define Scope	Определение содержания	Мазмұнды анықтау
Жоба мен соңғы нәтиженің (өнім, қызмет түрі) толық сипаттамасын әзірлеу процесі.		

Deliverables	Конечный результат	Соңғы (ақырғы) нәтиже
Соңғы нәтиже (deliverables) деп процесі, фазаны немесе жобаны аяқтауға қажетті кез келген ерекше өнім, қызмет түрі немесе нәтижені айтады.		

Determine Budget	Определение бюджета	Бюджетті анықтау
Бұл барлық жұмыстардың жоспарланған шығынын топтастыру арқылы бекітілген бюджетті құру процесі.		

Develop Project Charter	Разработка устава проекта	Жоба жарғысын әзірлеу
Жобаны ресми түрде растайтын және жоба менеджеріне ұйымның ресурстарын пайдалану құқығын беретін құжатты дайындау процесі.		

Develop Project Management Plan	Разработка плана управления проектом	Жобаны басқару жоспарын әзірлеу
Жобаның орындалуы мен қадағалануын бағыттайтын жан-жақты және ауқымды құжатты дайындау процесі. Одан бөлек, бұл - жоспардың барлық құрамдас бөліктерін анықтау, дайындау және жобаны басқару жоспарына үйлестіру мен біріктіру шараларын қамтиды.		

Develop Schedule	Разработка расписания	Кестені әзірлеу
Жобаны орындауға және қадағалауға қажет жоба кестесін әзірлеу процесі.		

Develop Team	Развитие команды	Жоба командасын дамыту
Жобаны іске асыруды жақсарту мақсатында команда мүшелерінің біліктілігін, өзара әрекеттесуі мен жалпы еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған процесс.		

Development Life Cycle	Жизненный цикл развития	Әзірлеу өмірлік циклі
Өнімді, қызметті немесе нәтижені әзірлеу (яғни разработка жасау) кезеңдері. Бұл жобаның өмірлік циклінің құрамында жүзеге асады. Оның - болжамды (предективті), бейімделгіш (адаптивті) немесе аралас (гибридті) деген түрлері бар.		

Direct and Manage Project Work	Руководство и управление работами проекта	Жоба жұмыстарын бағыттау және басқару
Жоспарда анықталған жұмысты басқару, орындау және жоба мақсаттарына жету үшін бекітілген өзгерістерді енгізу процесі.		

## Е

Enterprise Environmental Factors (EEF)	Факторы среды предприятия (ФСП)	Кәсіпорынның Қоршаған Орта Факторлары (КҚОФ)
Бұл жобаға әсер ететін, жобаны шектейтін немесе бағыттайтын, жоба командасының тікелей бақылауындағы емес жағдайлар. Олар ішкі және сыртқы болып бөлінеді.		

Estimate Activity Durations	Оценка длительности операций	Әрекеттердің ұзақтығын бағалау
Қажетті ресурстарды ескере отырып, жұмыстарды орындауға бағытталған әрекеттердің ұзақтығын бағалау процесі.		

Estimate Activity Resources	Оценка ресурсов операций	Әрекеттер ресурстарын бағалау
Бұл процестің мақсаты барлық жоспарланған әрекеттерді анализ жасап, оларды жүзеге асыру үшін қандай және қанша адами-материалдық ресурстардың қажет болатынын болжамдау.		

Estimate Costs	Оценка стоимости	Бюджет шығындарын бағалау
Бұл жоба жұмыстарын орындауға қажетті ресурстардың шығынын шамалауға бағытталған процесс.		

Executing Process Group	Группа процессов исполнения	Орындау процестерінің тобы
Бұл жоба талаптарын қанағаттандыру мақсатында жоспарда көрсетілген жұмыстарды атқару үшін орындалатын процестер.		

Expert Judgement	Экспертная оценка	Сараптамалық қорытынды
Белгілі бір білім немесе қызмет саласындағы біліктілікке негізделген пікір. Сараптамалық қорытындыны арнайы білімі, біліктілігі және тәжірибесі бар топ немесе жеке тұлға бере алады. Егер белгілі бір мәселеде жоба менеджерінің біліктілігі жетпесе, онда жоба командасының ішінен сол мәселеде арнайы компетенциясы бар маманға жүгіну қажет. Болмаған жағдайда, ұйымның ішіндегі немесе ұйымнан тыс мамандарға жүгінуге тура келеді. Сараптамалық қорытынды құралдар мен әдістердің ішіндегі ең негізгілердің бірі болып табылады.		

## F

Focus Groups	Фокус-группы	Фокус-топтар
Болашақ өнімге, қызметке немесе нәтижеге қатысты олардың күтулері мен көзқарастарын білу үшін алдын ала таңдалған мүдделі тараптар мен тақырып бойынша сарапшыларды біріктіретін ақпарат жинау әдісі.		

Facilitation	Фасилитация	Фасилитация
Бұл арнайы модератордың ат салысуымен жиналысқа қатысушыларды өзара түсіністік пен шешімге келуге және келісілген шешім бойынша тиісті шараларды қолға алуға бағыттау әдісі.		

## G

## H

Hybrid Life Cycle	Гибридный жизненный цикл	Аралас (гибридті) өмірлік циклі
-------------------	--------------------------	---------------------------------

Бұл болжамдық (предективті) және бейімделгіш (адаптивті) өмірлік циклдерінің жиынтығы. Жобаның түсінікті әрі нақты талаптары бар элементтері болжамды өмірлік циклі бойынша, ал қалған бөліктері - бейімделгіш өмірлік циклі бойынша әзірленеді.

## I

Identify Risks	Идентификация рисков	Рисктерді анықтау
Бұл жоспарлау процестерінің бірі. Мақсаты - жобаны талдау арқылы оған әсер ететін жекелеген және жалпылама рисктерді анықтап, тізімін жасау.		

Identify Stakeholders	Идентификация заинтересованных сторон	Мүдделі тараптарды анықтау
Жобаның мүдделі тараптарын жүйелі түрде анықтау және олардың мүдделері, ат салысуы, өзара тәуелділігі, ықпалы және жоба сәттілігіне әсері туралы тиісті ақпаратты талдау және құжаттау процесі.		

Implement Risk Responses	Осуществление реагирования на риски	Рисктерге жауап қату шараларын орындау
Рисктерге қатысты жоспарланған барлық стратегиялар мен шараларды іс жүзінде орындалуын қамтамасыз ету процесі.		

Initiating Process Group	Группа процессов инициации	Инициация (Бастама) процестерінің тобы
Бұл әрбір жобаның немесе жоба фазасының басында орындалатын процестер. Жобадағы белгілі бір шараларды қолға алудың бастамасы болып табылады.		

Input	Вход	Кіріс
Белгілі бір процесті бастамастан бұрын қажетті элемент немесе ақпарат көзі. Басқа процестен шығыс боп келу мүмкін.		

Inspection	Инспекция	Инспекция
Бұл орындалған жұмыс пен соңғы нәтижелерді тексеріп, жоба мазмұнына және оған қатысты талаптар мен қабылдау критерияларына қаншалықты сәйкес келетіндігін анықтау әдісі.		

Interpersonal and Team Skills	Навыки межличностных отношений и работы с командой	Тұлғааралық және командалық дағдылар
Топ мүшелерімен және басқа мүдделі тараптармен тиімді басқару және өзара әрекеттесу үшін қолданылатын дағдылар. Оның Жанжалдарды басқару, Фасилитация, Жиналысты басқару және т.б. түрлері бар.		

Interviews	Интервью	Сұхбат (Интервью)
Жобадағы мүдделі тараптармен тікелей диалог құру арқылы қажетті талаптар мен ақпаратты алу үшін қолданылатын әдіс (тәсілдеме).		

## J

**К****L**

Leadership	Лидерство	Көшбасшылық
Ұйымның бизнес мақсаттарына жету үшін топты басқаруға және ынталандыруға қажетті білім, дағдылар мен мінез-құлыққа ие болу.		

Lessons Learned Register	Реестр извлеченных уроков	Алынған сабақтардың реестрі
Ағымдағы және болашақ жобаларда пайдалану үшін жоба барысында алынған білімді тіркеуге пайдаланылатын жобалық құжат.		

**M**

Manage Communications	Управление коммуникациями	Коммуникацияларды басқару
Жоба ақпараттары мен деректерін уақтылы және дұрыс жинау, құрастыру, бөлу, сақтау, өндіру, басқару, мониторинг жасау, мұрағаттау (архивациялау) және жою процесі. Осы процестің маңыздылығы жоба командасы мен мүдделі тараптар арасында эффективті коммуникация орнату мен ақпарат алмасуды іс жүзінде қамтамасыз ету.		

Manage Project Knowledge	Управление знаниями проекта	Жоба білімдерін басқару
Жоба мақсаттарына қол жеткізу және ұжым ретінде үйренуді ынталандыру үшін бар білімді пайдалану және жаңа білімді жинақтау процесі.		

Manage Quality	Управление качеством	Сапаны басқару
Бұл сапаны қамтамасыз ету процесі. Яғни, жоба шеңберінде сапа стандарттарын бекіту жұмысын және оның мүлтіксіз сақталуын қадағалау арқылы өнім, қызмет немесе нәтиже сапаға сай орындалуын қамтамасыз етіледі. Осылайша, Сапаны басқару жоспары жүзеге асырылады.		

Manage Stakeholder Engagement	Управление вовлечением заинтересованных сторон	Мүдделі тараптарды жұмылдыруды басқару
Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен күтулерін қанағаттандыру, туындаған проблемаларға дер кезінде жауап қату және олардың жобаға тиісті түрде ат салысуын жеңілдету мақсатында мүдделі тараптармен байланыс орнату және жұмыс істеу процесі.		

Manage Team	Управление командой	Жоба командасын басқару
Жобаның орындалуын оңтайландыру (оптимизациялау) мақсатында команда мүшелерінің қызметін бақылау, кері байланысты қамтамасыз ету, туындаған мәселелерді шешу және командадағы өзгерістерді басқару процесі.		

Meeting Management	Управление совещаниями	Жиналысты басқару
Бұл жиналыстың күн тәртібін әзірлеу, тиісті қатысушыларды шақыру, қорытынды хаттама дайындау шаралары.		

Milestone List	Список контрольных событий	Маңызды кезеңдер тізімі
Бұл жобадағы ең басты кезеңдерді қамтитын құжат түрі. Бұнда жобада көзделген басты белестердің барлығы, яғни маңызды даталар мен оқиғалар белгіленеді.		

Monitor Communications	Мониторинг коммуникаций	Коммуникациялардың мониторингін жүргізу
Жобаның және оның мүдделі тараптарының ақпаратқа қажеттілігін қамтамасыз ету процесі.		

Monitor Risks	Мониторинг рисков	Рисктердің мониторингін жүргізу
Рисктерге жауап қатудың жоспарланған шараларының орындалуын бақылау, анықталған рисктерді қадағалау, жаңа рисктерді анықтау және талдау, бүкіл жоба бойы рисктерді басқару процесінің тиімділігін бағалау процесі.		

Monitor Stakeholder Engagement	Мониторинг вовлечения заинтересованных сторон	Мүдделі тараптарды жұмылдырудың мониторингін жүргізу
Жобадағы мүдделі тараптармен ара-қатынас қалай жүріп жатқанын қадағалау, ауытқулар мен өзгерістер орын алған жағдайда жоспар мен стратегияны жаңарту, жағдайға қарай адаптациялау процесі.		

Monitor & Control Project Work	Мониторинг и контроль работ проекта	Жоба жұмыстарының мониторингін жүргізу және бақылау
Жобаны басқару жоспарында анықталған нәтижелер мен мақсаттарға қол жеткізу үшін жұмыстарды орындаудың жалпы барысын қадағалау, тексеру және есеп беру процесі. Яғни, жобада орындалып жатқан іс-шараларға және соңғы нәтижелерге назар салып, жоба жоспары мен мақсаттарына қаншалықты сәйкес орындалып жатқанын қадағалау және қажет болған жағдайда түзету әрекеттерін қолға алу.		

Monitoring & Controlling Process Group	Группа процессов мониторинга и контроля	Мониторинг және бақылау процестерінің тобы
Бұл жобаның орындалуын қадағалау, талдау және реттеу үшін және қажет болған жағдайда тиісті өзгерістерді енгізу үшін қажетті процестер.		

Multicriteria Decision Analysis	Анализ решений на основе множества критериев	Көпкритериялы шешім анализі
Бұл қарастырылып жатқан шешімдерді бірнеше критериялар бойынша бағалау әдісі. Критерияларды бағалауда тиісті матрица қолданылады. Белгіленген критерияларға барынша сай келетін вариантты ең оптималды шешім ретінде қарастыруға болады.		

N

O

Organizational Process Assets (OPA)	Активы процессов организации (АПО)	Ұйымның Процесс Активтері (ҰПА)
-------------------------------------	------------------------------------	---------------------------------



Бұл орындаушы ұйымға тән кәсіпорынның өз ішінде туындаған факторлар. Оған ұйымда пайдаланатын жоспарлар, процестер, саясаттар, процедуралар және білім базаларын жатқызуға болады. Бұл активтер жобаны басқаруға әсер етуі мүмкін.

Output	Выход	Шығыс
Белгілі бір процесті аяқталғаннан кейін шыққан нәтиже (өнім, қызмет). Басқа процеске кіріс боп бару мүмкін.		

## Р

Parametric Estimating	Параметрическая оценка	Параметр бойынша бағалау
Тарихи деректер мен жоба параметрлері негізінде құнын немесе ұзақтығын есептеу үшін пайдаланатын бағалау әдісі.		

Perform Integrated Change Control	Интегрированный контроль изменений	Өзгерістерді интеграцияланған түрде бақылау
Бұл барлық сұратылған өзгерістерді талдап, олардың жобаға әсерін саралау процесі. Ешбір өзгеріс жобаға бет-алды енгізілмеуі тиіс. Әрбір потенциалды өзгерісті жан-жақты қарастырып, жобаға қалай әсер ететінін бағалау қажет. Себебі, жобаның бір бөлігіне енгізген өзгеріс оның басқа бөлігіне оң немесе теріс әсер етуі мүмкін.		

Perform Qualitative Risk Analysis	Качественный анализ рисков	Рисктердің сапалық анализін жасау
Бұл Рисктер реестріне іліккен барлық рисктердің туындау ықтималдығы мен әсерін бағалау процесі. Осының нәтижесінде рисктердің барлығын приоритет бойынша жіктеп, қажет шаралар мен ресурстарды жоспарлауға болады.		

Perform Quantitative Risk Analysis	Количественный анализ рисков	Рисктердің сандық анализін жасау
Жоба мақсаттарына ықпал етуі мүмкін барлық рисктердің сандық (мысалы, ақшалай немесе уақыт) әсерін бағалау процесі.		

Phase Gate	Ворота фазы	Фаза қақпасы
Әр фазаның аяғында жобаның даму тенденциясы мен соңғы нәтижелері бизнес және жоба талаптарымен салыстырылады. Сөйтіп, фазаны аяқтау, келесі фазаға өту, фазаны қайталау немесе оның кемшіліктерін жөндеу деген секілді шешімдер қабылданады. Жобаны басқару саласында бұл терминнің Phase Review, Stage Gate, Kill Point, Phase Entrance, Phase Exit деген баламалары бар.		

Plan Communications Management	Планирование управления коммуникациями	Коммуникацияларды басқаруды жоспарлау
Әр мүдделі тараптың немесе топтың ақпарат алу, ұйымның қолданыстағы активтері және жобаның қажеттіліктері негізінде тиісті коммуникация жасау тәсілі мен жоспарын әзірлеу процесі.		

Plan Cost Management	Планирование управления стоимостью	Бюджетті басқаруды жоспарлау
----------------------	------------------------------------	------------------------------

Бұл жоба шығындарын анықтауға, бюджеттеуге және басқаруға сілтеме беретін құжатты әзірлеуге бағытталған процесс.

Plan Procurement Management	Планирование управления закупками	Сатып алуды басқаруды жоспарлау
Жобадағы сатып алуға, тәсілді белгілеуге және потенциалды жеткізушілерді анықтауға қатысты шешімдерді құжаттау процесі. Осы процесс барысында ресурстар мен қызмет түрлерінің қайсысын өзіміз жасаймыз, қайсысын сырттан алдырамыз деген сұрақ қарастырылады.		

Plan Quality Management	Планирование управления качеством	Сапаны басқаруды жоспарлау
Бұл жоба және жобаның соңғы нәтижелері қандай сапа талаптары мен стандарттарына сай келуі керек, көрсеткіштері қандай деген мәселелерді қамтитын процесс. Сонымен бірге, сапаны басқару және бақылау процестеріне сілтеме беретін құжатты әзірлейді.		

Plan Resource Management	Планирование управления ресурсами	Ресурстарды басқаруды жоспарлау
Бұл жоспарлау процесі жобаға қандай материалдық ресурстар қажет, қандай стандарттар мен талаптарға сай болуы тиіс, қандай мамандар керек, олардың біліктілік дәрежесі қандай болуы шарт, атқаратын рөлі не, олардың барлығы қашан керек болады деген секілді мәселелерді қамтитын және ресурстарды басқарудың өзге процестеріне бағыт-бағдар беретін құжат дайындайтын процесс.		

Plan Risk Management	Планирование управления рисками	Рисктерді басқаруды жоспарлау
Бұл барлық рисктерді басқару стратегиясын ойластырып, тиісті жоспарды әзірлеуге бағытталған процесс. Өз кезегінде аталмыш жоспар рисктер бойынша басқа процестердің қалай өрбитіндігіне бағыт-бағдар береді.		

Plan Risk Responses	Планирование реагирования на риски	Рисктерге жауап қату шараларын жоспарлау
Жобадағы анықталған жекелеген және жалпылама рисктердің әсеріне қатысты нақты шараларды, стратегияларды және әрекеттерді ойластыру процесі.		

Plan Schedule Management	Планирование управления расписанием	Кестені басқаруды жоспарлау
Жоба кестесін жоспарлау, орындау және қадағалау үшін тиісті процедуралар мен құжаттарды әзірлеуге және кестені басқарудағы қалған процестердің қалай орындалатынына нұсқаулықтар беретін процесс.		

Plan Scope Management	Планирование управления содержанием	Мазмұнды басқаруды жоспарлау
Жобаның мазмұны қалай айқындалады, бағаланады және қадағаланады деген сұрақтарды қамтитын құжатты дайындау процесі.		

Plan Stakeholder Engagement	Планирование вовлечения заинтересованных сторон	Мүдделі тараптарды жұмылдыруды жоспарлау
-----------------------------	---	--

Жобадағы мүдделі тараптарды олардың қажеттіліктеріне, мүдделеріне және жобаға әсер ету дәрежесіне қарай тарту (жұмылдыру) тәсілдерін әзірлеу процесі.

Planning Process Group	Группа процессов планирования	Жоспарлау процестерінің тобы
Бұл жоба мақсаттарын анықтау және сол мақсаттарға жету үшін қажетті іс-әрекеттерді немесе шараларды ойластыру процестері.		

Portfolio	Портфель проектов	Жоба портфелі
Стратегиялық мақсаттарға жету үшін топтама ретінде басқарылатын жоба программалары, жобалар мен операциялар жиынтығы.		

Precedence Diagramming Method	Метод диаграмм предшествования	Бастапқылықты диаграммалау әдісі
Әрекеттердің орындалу ретін көрсететін бір немесе бірнеше логикалық байланыс арқылы графикалық түрде кесте үлгісін құру әдісі. Онда әрекеттердің басталуы мен аяқталуы, өзара байланысы және орындалу кезегі бейнеленеді.		

Predictive Life Cycle	Предиктивный жизненный цикл	Болжамды (предективті) өмірлік циклі
Жобаның мазмұны, мерзімі және бюджеті жобаның бастапқы кезеңінде анықталатын әзірлеу өмірлік циклінің түрі.		

Process	Процесс	Процесс
Түпкілікті (соңғы) нәтижеге жетуге бағытталған әрекеттердің жүйелі тізбегі.		

Program	Программа проектов	Жоба программасы
Көзделген нәтижелерге жету мақсатында топтастырылған түрде басқарылатын бірнеше жобалардың жиынтығы. Қысқаша, Жоба программасы бірнеше жобалардан құралады.		

Project	Проект	Жоба
Ерекше өнім, қызмет түрін немесе нәтиже шығаруға бағытталған, уақыт, бюджет және мазмұны жағынан шектеуліктері бар уақытша іс-шаралар жиынтығы.		

Project Charter	Устав Проекта	Жоба жарғысы
Жоба инициаторы немесе демеушісі тарапынан жобаны ресми түрде бекітілгенін растайтын құжат. Бұл құжат тағайындалған жоба менеджеріне жобаны жоспарлауға, орындауға және бақылауға, сонымен бірге ұйымның ресурстарын пайдалануға құқық береді.		

Project Communications Management	Управление коммуникациями проекта	Жоба коммуникацияларын басқару
Жоба коммуникацияларын басқару - кең таралған 10 Білім саласының бірі. Бұл жобадағы мағлұматты өндіру, құрастыру, сақтау, бөлісу және басқару тәсілдерін қарастыруға бағытталған тәжірибе. Бұл коммуникацияларын басқарудың арнайы процестері арқылы жүзеге асады.		

Project Cost Management	Управление стоимостью проекта	Жоба бюджетін басқару
Жоба бюджетін басқару – кең таралған 10 Білім саласының бірі. Бұл білім саласы жоспарланған барлық жұмыстарды іске асыру үшін қажетті адами және физикалық ресурстардың шығынын (қаржылай сомасын) қалыптастыруға негізделеді. Бұл бюджетті басқарудың арнайы процестері арқылы жүзеге асады.		

Project Integration Management	Управление интеграцией проекта	Жоба интеграциясын басқару
Жобаны Басқару саласындағы кең таралған 10 Білім саласының бірі. Бұл жобаның барлық бөліктері мен салаларының үйлесімділігіне бағытталған тәжірибе. Интеграцияны басқару жоба менеджерінің тікелей жауапкершілігі. Интеграцияның басты логикасы - жан-жақтан ағылып келген деректер мен мәселелерді сабақтастыра отырып, ортақ бейнені көру және соның негізінде жобаға қатысты дұрыс приоритет қойып, дұрыс, кешенді шешімдер қабылдау. Бұл интеграцияны басқарудың арнайы процестері арқылы жүзеге асады.		

Project Life Cycle	Жизненный цикл проекта	Жобаның өмірлік циклі
Жобаның басталған сәтінен аяқталғанына дейін өтетін барлық кезеңдері (яғни фазалары). Демек, жоба басталады, жоспарланады, орындалады, аяқталады.		

Project Management	Управление проектом	Жобаны басқару
Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті әдістерді, құралдарды және біліктілікті (яғни компетенцияны) жоба барысында қолдану.		

Project Management Information System	Информационная система управления проектами	Жобаны басқарудың ақпараттық жүйесі
Жобаны басқару процестерінің нәтижелерін жинау, интеграциялау (үйлестіру, біріктіру) және тарату үшін қолданылатын құралдар мен әдістерден тұратын ақпараттық жүйе.		

Project Management Knowledge Areas	Области Знаний по Управлению Проектом	Жобаны басқару бойынша білім салалары
Білім саласы деп арнайы біліктілікті талап ететін жобаны басқарудың белгіленген аумағын атайды.		

Project Management Plan	План управлению проектом	Жобаны басқару жоспары
Жобаның қалай орындалатынын, бақыланатынын және қалай жабылатынын (аяқталатынын) сипаттайтын құжат.		

Project Management Process Groups	Группы процессов управления проектом	Жобаны басқару процестерінің топтары
Бұл процестердің логикалық топтастырылуы. Олар Инициация, Жоспарлау, Орындау, Мониторинг және бақылау, Аяқтау процестерінің тобы деп топтастырылады.		

Project Manager	Менеджер Проектов (Проектный менеджер)	Жоба Менеджері
Жоба менеджері - кез келген жобаның бастапқы кезеңінен ақырғы нәтижесіне дейін толықтай жауапты, жобада көзделген нәтижеге жету үшін жобаны және жоба командасын басқаруға уәкілеттік берілген тұлға.		

Project Phase	Фаза проекта	Жоба фазасы (кезеңі)
Жоба фазасы деп жобаның басталған сәтінен аяқталғанға дейінгі жекелеген кезеңдерін айтады. Бұл логикалық тұрғыдан өзара байланысты іс-әрекеттер жиынтығы.		

Project Procurement Management	Управление закупками проекта	Жобадағы сатып алуды басқару
Жобадағы сатып алуды (закуп) басқару - кең таралған 10 Білім саласының бірі. Бұл жобаға қажетті тауарлар мен қызмет түрін сатып алу іс-шараларын қамтитын тәжірибе. Бұл сатып алуды басқарудың арнайы процестері арқылы жүзеге асады.		

Project Quality Management	Управление качеством проекта	Жоба сапасын басқару
Жоба Сапасын Басқару - кең таралған 10 Білім саласының бірі. Бұл күтілетін нәтиже сипаттарының белгілі бір талаптарға сәйкес келуіне бағытталған тәжірибе. Бұл сапаны басқарудың арнайы процестері арқылы жүзеге асады.		

Project Resource Management	Управление ресурсами проекта	Жоба ресурстарын басқару
Жоба ресурстарын басқару - кең таралған 10 Білім саласының бірі. Бұл жобаны жүзеге асыруға қажетті адами және материалды ресурстардың түрлері мен көлемін анықтауға бағытталған тәжірибе. Бұл ресурстарды басқарудың арнайы процестері арқылы жүзеге асады.		

Project Risk Management	Управление рисками проекта	Жоба рисктерін басқару
Жоба рисктерін басқару - кең таралған 10 Білім саласының бірі. Бұл рисктерді болжау, уақытылы анықтау және тиісті жауапты шаралар мен стратегияларды қарастыруға бағытталған тәжірибе. Бұл рисктерді басқарудың арнайы процестері арқылы жүзеге асады. Жобаны басқару саласы рисктерді екі түрге бөледі: позитивті және негативті рисктер. Позитивті риск деп жобаға жағымды әсер ететін факторларды айтады. Ал негативті риск дегеніміз, керісінше, жағымсыз әсер ететін жағдайлар.		

Project Schedule	Расписание проекта	Жоба кестесі
Барлық әрекеттердің орындалу тізбегін, мерзімін, жобаның маңызды кезеңдері мен жалпы аяқталу уақытын көрсететін графикалық көрініс. Форматы әртүрлі болуы мүмкін.		

Project Schedule Management	Управление расписанием проекта	Жоба кестесін басқару
Жоба кестесін басқару - кең таралған 10 Білім саласының бірі. Жоба кестесі жоба мазмұнында анықталған барлық орындалуы тиіс жұмыстардың негізінде құралады. Белгіленген әрекеттерге кететін уақытты анықтау арқылы, жалпы жобаны жүзеге асыруға жұмсалатын мерзім белгілінеді. Осылайша, жоба кестесі қалыптасады. Бұл жобаның уақытылы орындалуын қамтамасыз ететін кестені басқарудың арнайы процестері арқылы жүзеге асады.		

Project Schedule Network Diagram	Диаграмма сети расписания проекта	Жоба кестесінің тізбекті диаграммасы
Бұл жоба кестесіндегі әрекеттердің орындалу тізбегі мен тәуелділіктерін, өзара логикалық байланысын бейнелейтін графикалық көрінісі.		

Project Scope Management	Управление содержанием проекта	Жоба мазмұнын басқару
Жоба мазмұнын басқару - кең таралған 10 Білім саласының бірі. Басты логикасы - жоба фазаларының немесе жалпы жобаның соңғы нәтижесі не болу керек, сипаты қандай, оған жету үшін қандай жұмыстар мен әрекеттер орындалуы керек деген секілді сұрақтарға тиісті жауап алу. Бұл мазмұнды басқарудың арнайы процестері арқылы жүзеге асады.		

Project Scope Statement	Описание содержания проекта	Жоба мазмұнының сипаттамасы
Негізгі нәтижелерді, болжамдарды және шектеулерді қамтитын жобаның мазмұнын сипаттайтын құжат.		

Project Stakeholder Management	Управление заинтересованными сторонами проекта	Жобаның мүдделі тараптарын басқару
Жобаның мүдделі тараптарын басқару - кең таралған 10 Білім саласының бірі. Бұл жобаға тікелей немесе жанама қатысы бар тиісті тараптарды дер кезінде анықтап, олармен дұрыс қарым-қатынас құрудың стратегиясы мен жоспарын құрастырып, осыларды жүзеге асыруға бағытталған тәжірибе. Бұл мүдделі тараптарды басқарудың арнайы процестері арқылы жүзеге асады.		

## Q

## R

Requirements Documentation	Документация по требованиям	Талаптар құжаты
Бұл не іске асырылу керек және соған байланысты әрбір белгіленген талап жоба үшін неліктен маңызды екенін сипаттайтын құжат. Барлық талаптарды матрицалық форматта, яғни кесте түрінде жасауға болады. Оған қоса, әрбір талаптың жеке нумерациясын, сипаттамасын, тіпті талапты қойған адамның есімін және т.б. атрибуттарын қолдануға болады. Бұндай атрибуттар, әрбір талапты жеке-жеке қарастыру және қадағалау үшін өте қолайлы.		

Resource Optimization Technique	Метод оптимизации ресурсов	Ресурстарды оптимизациялау әдісі
Ресурстарға сұранысты реттестіру мақсатында операциялардың басталу және аяқталу күндерін түзету әдісі.		

## S

Schedule Compression	Сжатие расписания	Кесте компрессиясы
Жоба мазмұнын өзгертпестен кестенің ұзақтығын қысқарту үшін қолданылатын әдіс. Оның қысқарту (ағыл. Crashing) және жылдамдату (ағыл. Fast tracking) деген түрлері бар.		

Sequence Activities	Определение последовательности операций	Әрекеттердің ретін анықтау
Жоба әрекеттері арасындағы байланыстарды анықтау және құжаттау процесі.		

Simulation	Симуляция	Симуляция
Әртүрлі белгісіздіктердің мақсаттарға әсер ету ықтималдығын бағалау үшін олардың әсерін модельдейтін аналитикалық әдіс.		

Strategic and Business Management	Стратегическое управление и управление бизнесом	Стратегиялық менеджмент және бизнесті басқару
Стратегиялық тұрғыда ауқымды ойлана білу және бизнестің көздеген нәтижелеріне жету үшін тиісті білім, кәсіби біліктілік пен тәжірибеге ие болу.		

## T

Tailoring	Адаптация	Сәйкестендіру (адаптация)
Жобаны басқару үшін қажетті процестердің, кірістердің, құралдардың, әдістердің, шығыстардың, сонымен қатар фазалардың сәйкес комбинациясын анықтау.		

Technical Project Management	Техническое управление проектами	Жобаны басқарудың техникалық дағдылары
Жобаны басқарудың техникалық аспектілерін білу және нақты саласына қатысты білім мен дағдыларға ие болу.		

Technique	Метод	Әдіс (тәсіл)
Өнімді немесе нәтижені алу немесе қызмет көрсету мақсатында операцияны орындау үшін қолданатын анықталған жүйелі процедура (іс-шаралар). Әрбір әдіс бір немесе бірнеше құралдарды қолдануы мүмкін.		

Three-Point Estimating	Оценка по трем точкам	Үш нүкте бойынша бағалау
Әрекеттердің құнын немесе ұзақтығын анықтау үшін Пессимистік, Реалистік және Оптимистік пайымдаулардың орташа көрсеткішін пайдалана отырып бағалау әдісі.		

Tool	Инструмент	Құрал
Өнімді немесе нәтижені шығару үшін операцияны\процесті орындау кезінде қолданылатын нақты нәрсе (мысалы, құжат үлгісі немесе компьютерлік бағдарлама).		

Trend Analysis	Анализ тенденций	Даму үрдісін талдау
Атқарылған жұмыстар мен шыққан нәтижелерді ескере отырып, жобаның даму тенденциясына болжам жасау әдісі. Яғни, барлығы жоспар бойынша жүріп жатыр ма, әлде керісінше нашарлап жатыр ма деген секілді үрдіс бағытын анықтайды және жоспардан ауытқудың себебі мен дәрежесін саралап, соның негізінде коррективті немесе превентивті шараларды қолдануға қатысты тиісті шешімдер қабылданады.		

## U

## V

Validate Scope	Подтверждение содержания	Мазмұнды бекіту
Мазмұнды бекіту – жобаның аяқталған соңғы нәтижелерін ресми түрде қабылдау процесі. Бұл шығарылған өнім, қызмет түрі немесе көзделген нәтиже құжатталған мазмұнмен сәйкес келгенде ғана мүмкін.		

Variance Analysis	Анализ отклонений	Ауытқуларды талдау
Бекітілген кесте мен шыққан нәтиженің арасындағы сәйкестік пен айырмашылықты анықтау әдісі. Айырмашылық бар ма? Белгіленген шектен шықты ма? Түпкі себебі не? - деген секілді мәселелерді қамтиды.		

## W

What-If Scenario Analysis	Анализ сценариев «что если»	«Егер де» сценарий анализі
«Егер де» деген сұрақ қою арқылы жобада орын алуы мүмкін әртүрлі сценарийлерді қарастыратын әдіс. Осының негізінде аталмыш сценарийлердің жоба мақсаттарына әсері болжамданады.		

Work Performance Data	Данные об исполнении работ	Жұмыстардың орындалуы туралы деректер
Бұл жобадағы әрекеттерді (операцияларды) орындау барысында анықталған өңделмеген бақылаулар мен өлшеулер. Бұл жерде назар аударатын маңызды нәрсе – ол дерек пен ақпарат арасындағы айырмашылық. Дерек жан-жақтан жиналған, өңделмеген, талданбаған шикі мәлімет көзі. Талданып, өңделгеннен кейін деректер ақпаратқа айналады.		

Work Performance Information	Информация об исполнении работ	Жұмыстардың орындалуы туралы ақпарат
Бақылау процестері барысында жиналған және жобаны басқару жоспарының құрамдас бөліктерімен, жоба құжаттарымен және басқа ақпарат көзімен салыстыра отырып талданған жұмыс өнімділігі туралы деректер.		

Work Performance Report	Отчет об исполнении работ	Жұмыстардың орындалуы туралы есеп
Бұл жобаның жағдайы туралы хабардар болуға және тиісті шешімдер қабылдауға қажет ақпаратты жеткізу форматы. Аталмыш есеп dashboard, диаграмма, инфографика және тб түрде болу мүмкін. Бастысы, осы есеп ары қарай тиісті іс-шаралардың орындалуына итермелеуі тиіс.		